

ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ДАМУДАҒЫ КЛАСТЕРЛІК ЖҮЙЕ

КЛАСТЕРНАЯ СИСТЕМА В РАЗВИТИИ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА КАЗАХСТАНА

CLUSTER SYSTEM IN THE DEVELOPMENT OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX OF KAZAKHSTAN

Г.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті

Аңдатпа. Агроөнеркәсіптік кешен – ел экономикасының маңызды құрамдас бөлігі. Ол ауылшаруашылық өнімдері өндірісін, оны қайта өңдеуді, тұтынушыға жеткізуді қамтиды және өндіріс құралдарымен қамтамасыз етеді. Автор Қазақстан АӨК-ін дамытуға кластерлік көзқарасты жан-жақты қарастырады.

Аннотация. Агропромышленный комплекс - важная составная часть экономики страны, включающий производство сельскохозяйственной продукции, ее переработку, доведение до потребителя и обеспечивающий средствами производства. Автор детально рассматривает кластерный подход к развитию АПК Казахстана.

Abstract. Agri-industrial complex - is an important part of the country's economy, including agricultural production, its processing, making available to the consumer and providing production means. The author explores in details the cluster approach to the development of agro-industrial complex of Kazakhstan.

Тұтқалы сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, кластерлік дамыту, аграрлық саладағы кластеризациялау теориясы, жаһандану, бәсекелестік қабілет, азық-түлік қауіпсіздігі, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, кластерное развитие, теория кластеризации в аграрном секторе, глобализация, конкурентоспособность, продовольственная безопасность, пищевая и перерабатывающая промышленность.

Keywords: agri-industrial complex, cluster development, clustering theory in agricultural sector, globalization, competitiveness, food security, food and processing industry.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ел экономикасын жаңа сатыға көтеретін, халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында жариялаған «Қазақстан-2050» стратегиясында отандық агроөнер-кәсіптік кешеніне зор міндеттер жүктеді. Осы орайда ғаламдық экономиканың даму ерекшеліктерін бағамдай отырып, ХХІ ғасырдың жаһандық жеті сын-қатерін белгілеу арқылы еліміздің экономикасын дамытудың жаңа бағыты анықталды. Агрөндірістерді дамытудың ең тиімді жолы қазіргі таңда кластерлік жүйені қалыптастыру және жетілдіру.

Экономикалық саясаттың басым бағыттарымен қатар, аграрлық кешенді дамытудың қажеттілігін «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауында дағдарыстан кейінгі дамудың алғы шарты мен қадамы – агроөнеркәсіп кешені мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту арқылы ел халқының материалдық және әлеуметтік тұрғыдан жақсартандығының кепілі – тиімділігі жоғары агроөнеркәсіптік кешендер екені атап көрсетілді.

Қазіргі таңда жаһандану мен трансұлтта-
нудың қазіргі экономикаға әсерінің орасан

екендігіне қарамастан, кластерлердің маңызы өте ауқымды. Олардың мәні, жаһандану жағдайында аймақтардағы жергілікті бәсекеге қабілеттілігі табысты пайдалану көзі болып табылады.

Қазақстан Президенті Н.А Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жедел экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында» атты Жолдауында экономиканың кластерлік-бағдарланған дамуы орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі басты факторы екенін көрсетеді: «Біз басым секторлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолда бар экономикалық әлеуеті бар бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдап, осылайша туризм, мұнай-газ, машина жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс материалдары сияқты сегменттерінде қазақстандық кластерлерді дамытуды қолға алуымыз керек. Олар өз кезегінде «экономиканың шикізаттық емес» секторларында ұзақ мерзімді мамандануын айқындайтын болады [1].

Ауыл шаруашылығын кластерлеуді теориялық талдау барысында негізінен бірқатар артықшылықтар анықталды. Әкімшіліктер үшін: салық төлеушілердің саны және салық базасы көбеюде (сатылас корпорацияларға қарағанда, шағын және орта бизнес үшін бақылау орталықтары, әдетте, бизнес бірдей ауданында орналасады), бизнеспен өзара іс-қимыл үшін ыңғайлы құралы бар, жеке бизнес топтардан тәуелділік азаяды, аумақтың экономикалық дамуға әртараптандыруда негіз бар. Бизнес үшін: кадр ресурстарының инфрақұрылымы жақсарады; зерттеулер мен өзірлеу үшін инфрақұрылым пайда болады; шығындар қысқарады; халықаралық нарыққа қол жеткізу үшін жақсы мүмкіндіктер туады.

Алайда, Қазақстанда агроөнеркәсіптік кластерлерін дамытудағы кедергі мен мүмкіндіктердің бірқатар шарттары бар. Оң шарттарға мыналарды жатқызамыз: технологиялық және ғылыми инфрақұрылымның болуы, қауымдасуға психологиялық тұрғыдан дайын болуы: Кластерлерді дамыту кедергі келтіретін шарттар мыналарды қамтиды: бизнес ахуалдың төмен сапасы, ассоциативті құрылымдардың (сауда-өнеркәсіптік палаталар, агроөнеркәсіптік бірлестіктер) төмен деңгейі; агроөндірістік бизнес пен өңірлік мүдделердің басымдықтарын дамыту және алға жылжыту міндетін іске асыра алмайды. Қысқа мерзімді жоспарлау шегі - кластерлерді дамытудағы түскен пайда 5-7 жылдан кейін ғана жемісін береді.

Сонымен қатар, арнайы салалық кластерді тұрақтандыру, табысты іске асыру тек аймақтық стратегияның аясында іске асуы мүмкін. Кластерді дамытуды, аймақтық дамытудан бөлек қарастыру тиіміз. Кластерлік

дамудың негізін қалаушылардың бірі Портер, өзінің тәсілі бойынша кластердің табысты дамуы үшін ең маңызды факторлардың бірі ретінде тұрақты стратегияның болуымен тығыз байланыстырады [2].

Мысалы, Қостанай облысында агроөнеркәсіптік кешендерді қалыптастырудың ең өзекті мәселелердің бірі өндірістік үдерістерді тұрақтандыру және астықты сату үшін, астық кластерін реттейтін моделін жасап, аймақты кешендік іс-шаралар ұйымдастыруға аса қажет.

Өңірлік стратегия және салалық астық кластерлерін дамыту стратегиясын табысты жүзеге асыру үшін, өзара келісілген болуы қажет. Ол үш стратегиялардан тұрады: мезо деңгейдегі кластердің теңдестірілген тиімді көрсеткіштерінің негізінде, кластерлерді дамытудың стратегиялық жоспарлау жүйесі, өңірді дамытудың стратегиялық бағыттары (өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау, индикативтік жоспарлау); кластерлік кәсіпорындарының теңдестірілген тиімділік көрсеткіштерінің негізінде микро деңгейде кластерлік дамытуың стратегиялық жоспарлау жүйесі. Аймақтық стратегиясын өзірлеу барысында аймақта қандай негізгі нүктелері өсуге бейім болатынын ескере отырып, бұл негізгі өсу нүктелерін дамыту үшін топтардың әр-түрлі мүдделерін осы өсу нүктелеріне бағыттау қажет.

Сонымен қатар, кластерлерді дамыту және дамыту жоспарларын анықтау барысында, өңірлік даму стратегиясын есепке ала отырып қабылдауға тиіспіз. Қазіргі таңдағы қалыптасқан жағдайда, нақты бір кластерді дамыту тек аймақты дамыту стратегиясы шеңберінде жазылумен қатар, кластерлік дамытудың қажеттігі туралы өңірдегі әкімшілік және іскерлік серіктестер арасында консенсус болуы тиіс.

Кластер - тұрақты аумақтық және салалық серіктестік, бірлескен инновациялық бағдарламаларды озық өндірістік, инженерлік және басқару технологияларды олардың қатысушыларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында енгізу. Қысқаша мағынада, кластер деп өзара байланысты компаниялардың жеткілікті географиялық жақын орналасқан тобын, жабдықтарды жеткізушілер, құрастырушылар мен қызметтер, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындарының және басқа да ұйымдардың бірін-бірі толықтыратын және бәсекелестік артықшылықтарын нығайтады [2].

Кластерлік дамудың теориясының негізін қалаушы М Портер [3, 4] әр түрлі елдерде 100-ден астам салаларды бәсекелестік тұрғыдан зерттеу барысында, кластерлер бәсекеге қабілеттілікке әсер ететіне көңіл аударды: 1) фирмалар мен салалардың өнімділігін арттыруға; 2) инновациялық және

[illegible]

кластерлерді құратын жаңа бизнесті ашуға мүмкіндік береді (1-кесте).

Кластерлердің бәсекеге қабілеттілік әсерінің бағыттары		
Фирмалар мен салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру	Инновациялық және өндірістік өсу мүмкіндіктерін құру	Инновациялық және кеңейтілген кластерлерді қолдайтын жаңа жеңілдетілген бизнесті құру, қалыптастыру
1.Бәсекелестік кластер ішінде тиімді мамандануды құрады	1.Инновация үшін әлеуетті жаңа ресурстармен тиімді ынтымақтастық құру үшін арна жасау	1.Венчурлық капитал мен тез өсетін компанияларды дамытуға көңіл аударатын мықты құзіреттілік
2.Аса көп талап ететін тұтынушылардың пайда болуы. - Өндіріс үдерісінде аса жоғарғы мамандану деңгейінің мүмкіндігі экономикалық масштабта пайдалану, мысалы, бірігіп шикізат сатып алу немесе біріккен маркетингтік зерттеулер жүргізу.	2.Технологиялық үрдістерді болжау және алдын-ала анықтау	1.Кластер ішіндегі байланыстар мен каналдар өзара толықтыратын технологиялар, субсидия-лар, дағдылардың пайда болуына ықпал етеді. 2.Компаниялардың өзара толықтыратын дағдыларының аясында, үлкен мәмілелерге қатысуға мүмкіндік алады, ал жеке компаниялар бәсекеге қабілетсіз.
3.Технологияларға, жеткізушілерге, маманданған жұмыс күшіне, ақпарат пен бизнес-қызметке қол жетімділік	3.Бұрын болмаған мамандану(қабілеттілік) пайда болуға ықпал ететін ыңғайлы орта	3. Жаңа қатысушылардың пайда болуын қолдау
4.Экспертизаны жоғарғы деңгейі логистикалық тізбекті жетілдіруге көмектеседі, сондай-ақ ынтымақтастық пен білім беру үрдісін жандандырады (жетілдіру)	4.Қауіптерді сейілту үшін, ыңғайлы алғы шарттар	4.Әлеуметтік және дәстүрлі емес байланыстарды нығайту, жаңа идея мен бизнестің пайда болуына ықпал етеді
5.Кластерлік дамыту салалық қаржылық және басқа да қызметтердің инфрақұрылымын жетілдіреді.		5.Кластер ішінде ақпарат ағымының жетілуді

Қазіргі таңда, Қазақстанда азық-түлік өнеркәсібінде бес мыңға жуық өндірістік кәсіпорындарда шамамен 70 мың адам, немесе өнеркәсіпте жұмыспен қамтылған

Экономикада кластер – географиялық біріктірілген топтар, кәсіпорындар агломерациясы, сонымен қатар экономикалық мүдделерінің негізгі мақсаты бірлескен күштерінің негізінде өткізу нарығын кеңейту

[illegible]

судің аймақтық агро мелорацияның синергетикалық тиімділігінің оң әсерін есепке алады.

Салалық агроөнеркәсіптік құрылымдар-
дарға қарағанда кластерлік тәсілдің негізгі
айырмашылықтары: инновациялық даму, өн-
дірістік күштерді өзгеруіне бағыттау, капи-
талдарды біріктіру, бұлар өз кезегінде аймақ-
тағы активтердің артуына және ауылдық
аумақтарды дамыту мүмкіндігіне ие болады.

Белгілері	Дәстүрлі сатылас интегралданған бірлестіктер	Кластерлер
Өндірістік құрылым	Корпоративтік әсер ету, басқарудың орталықтандырылуы	Корпоративті-жеке кәсіпорындарда координациялық басқару жүйесі арқылы координациялық кеңестің жалпы даму мақсатына сәйкес іске асады.
Өндірістің түрлері	Стандартталған жалпы қолданыстағы өнімдерді өндіруге мамандану	Инновациялық дамуға негізделген, игілгіш мамандану
Бәсекелестік мүмкіндіктері	Аймақтың ішінде және сыртына өткізу	Аймақтың бір аумағына өткізу
Аумақтық шоғырландыру	Аймақтың ішінде және аймақтар арасында	Аймақ ішінде
Экономикалық көрсеткіштер	Салалық	Кластер құраушы салалардың жиынтығы бойынша
Тұрғындардың қамтылуы	Жұмыс күшінің баяу қозғалысы	Жұмыс күшінің айтарлықтай қозғалысы
Мемлекеттік реттеу	Салалар мен кәсіпорындардың бағыты	Кластерлер мен кластерлік кәсіпорындардың бағыты
Кәсіпорындардың өзара әрекеті	Формалді	Формалді және формалді емес (ақпарат алмасу)

Әдетте жетекші инвестор, жаңа қолданыстағы және қайта құрылымдалған кәсіпорындар негізінде, кластерлік құрылым жасайды.

Кластерлік құрылымның агроөнеркәсіптік кешендердің құрамына кіретін кәсіпорындарының өзара іс-қимыл, білімді салааралық қозғалысының дәрежесін басшылыққа ала отырып құрылады. Оларға мыналар жатады: 1) аралық және соңғы өнімдерін өндіру байланысты технологиялар қозғалысы, өндірушілер мен пайдаланушылардың өзара іс-қимылы; 2) басқарудың жаңа әдістерін тарату үшін кластер шеңберінде кадрлар қозғалысы; 3) техникалық өзара байланыс (патенттеу, патенттерді дамыту, техникалық аралас салаларда инновациялар мен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру және қолдану).

Біздің пікіріміз бойынша «агроөнеркәсіптік кластер» институционалдық экономика тұрғысынан мамандану саласы бойынша ұйымдастыру формасы ретінде, кластер басқару орта, үдеріс, жоба объектісі ретінде қарастырамыз.

- кластерлік құрылым қатысушылары, оның құрамына мүше болатындардың негізгі байланыстарын құратындардың маңызды белгілері;

- инновациялық фактор бағыттылығы;
- өнім немесе қызметтің жетекші факторы (біріктіру).

Интеграцияланған ұйымдарды сараптау нәтижесінде кластерлердің дәстүрлі сатылас интеграцияланған құрылымдардан ерекшелігін анықтауға болады, яғни технологиялық ерекшеліктерімен біріктіріледі (өндірістік желілер, холдингтер, және т.б.),

Кластердің әкімшілік-аумақтық бөліністерде айырмашылық бірлігі ол салалық жіктеуде өте сирек сәйкес келеді, кластер жұмылдырылған және экономикалық байланыстарының тығыздылығымен және салалық тұрғыдан бірін-бірі толықтырады, технологияларды қолдану дәрежесімен, маркетингтік саясатымен, ақпараттық кеңістіктігімен ерекшеленеді.

Кластер әдетте бір аймақтың аумағында шоғырланады. Көрші аумағында бәсекелестік артықшылығы пайда болғанда, шекараның аумағынан шығып кететін жағдайлары да болады. Басқа интеграцияланған құрылымдарда қатысушы кәсіпорындардың ерекше белгісі ол орналасқан жері болып табылады.

Салалық құрылымына қарағанда, кластердің өндірістік құрылымы тиімді, себебі толық ішкі шаруашылықтардың байланыстары толық қамтылған.

Кластерлік құрылым өндірістің тиімді масштабына негізделген, оның негізі кластердің жетекші фирмасының негізгі өнімді (қызмет) өндіретін инновациялық құрылымын құрайды.

Кластердің оң қасиеттері ретінде арасында өндіріс факторын қамту әсері, түпкі өнімнің бірнеше түрлерін өндіру бойынша бір мезгілде жіберу қасиетін атап көрсетуге болады. Бұл қасиеттің көпфункционалды құрамы бар.

Кәсіпорындардың кластерлік құрылымына енуі, өнімді өндіру және сату барысында туындайтын мәміле бойынша шығындарды барынша азайтуға ықпал етеді.

Кластер аясында өнімдерді стандарттау байқалады, ол өз кезегінде синергетикалық әсер туындатады. Оның пайда болу тетіктері төмендегідей: кластердегі кәсіпорындардың арнайы мамандануы өнімінің құнын төмендету мен еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі, өндіріс рентабельділігін арттырады, төмен рентабельді шаруашылықтар үшін маңызы өте зор, қамту эффектісі және масштабы кластерлік құрылымдағы кәсіпорындардың бәсекелестік басымдылығына алып келеді.

Агроөнеркәсіптік кешендегі кластер, кластерлік технологиялық тізбектің негізінде нақты, мәдени өзара іс-қимыл құрылымында тартылған қатысушылардың ортақ экономикалық мүдделерін жүзеге асыру бойынша құрылған, географиялық жағынан оқшауланған, инновациялық бағытталған, квазинтегри-алданған құрылым ретінде ұсынылады [5].

АӨК кластерін аймақтың экономикалық және әлеуметтік аспектілерді кешенді пайдалану мақсатында, өңірлік агроөндірістік саясат шеңберінде, негізгі құрал мақсатты бағдарламаларды жоспарлау және басқару ерекшеліктері бойынша іске асыру қажет [6,7].

Әлемдік деңгейде агро өнеркәсіптік кешендегі кластерлік құрылымдарды құру тәжірибесіне сәйкес, кластер ішінде кәсіпорынның трансакциялық шығындар мәселесін шешу, «қос маржиналдау», синергиялық әсерді алу, аумақтағы әсерін іске асыру болып табылады.

Агро өнеркәсіптік кешендегі кластер құрудың келесі ерекшеліктерін нақтылаймыз:

- технологиялық ерекшеліктері: жоғары білікті жұмысшылар қалыптастыру және қолдау;

- сатылас, көлденең және бүйірлік (латерлік) белгілері: шығу ағымы үшін (тауар мен қызмет жеткізушілердің өзара ынтымақтастығы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің зияткерлік еңбектері, өнімі), шығу ағымы (жолдау аясында бірлестік, ынтымақтастық)

- географиялық, фокустық және тік белгілері: шағын және орта бизнес арасында технологиялық және техникалық инновацияларды қолдануды білдіреді. Бұл белгілер кластердегі инновациялық қызметті ұымдастыру және ішкі желідегі стратегиялық жоспарлауды қамтиды.

Экономикада агро өнеркәсіптік кешендердегі кластердің дамуын сипаттайтын үш нысанын қарастыруға болады:

1. Агроөнеркәсіптік кешенінің сектор ішіндегі, аймақ ішіндегі ғылыми-зерттеулер мен білім мекемелері айналасында қалыптасқан экономикалық белсенді құрылымдар.

2. Сатылас түрі бойынша құрылған өндірістік тізбек, бұл жерде өндірістік үдерістер кластерлік ядроны құрайды (тізбек «жеткізуші – өңдеуші – сатушы – сатып алушы»).

3. Агрегацияның жоғарғы деңгейдегі өндірістік салаларында («тамақ кластері») немесе секторлар бірлестігі («агроөндірістік кластер»).

Агроөнеркәсіптік кластердің аймақ деңгейіндегі басты элементі, орталықтардың (өзек) өзара қол астында қалуы немесе бірбіріне бағынуы. Аймақтағы экономикалық өзек «өсу полюстерінің» жиынтығын құрайды.

Агроөнеркәсіптік кластердің құрылымындағы ядроны әдетте өздерінің өндірістік қызметтері үрдістерінде өндірістерінің перспективалық ары қарай дамуын дәлел-деген ірі өндірістік кәсіпорындар құрайды. Ядро айналасына техникалық тізбекті қамтамасыз ететін орта және шағын кәсіпорындар, жеткізушілер мен инфрақұрылымдық кәсіпорындар топтасады.

Қорыта келе, агроөнеркәсіптік кешендегі кәсіпорындардың орналасу мекен-жайы экономикалық кеңістіктің аймақтық аумағы, өндіріс және қаржылық ресурстардың, полюстердің сапалық факторларының шоғырландыру жүйесі ретінде қабылданады, белгіленген аймақтың шекарасындағы инвестицияның тиімді қайтарымын қамтамасыз етуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан 2005,-23 ақпан.- №15-16.
- 2 Leamer E.E. Sources of International Comparative Advantage: Theory and Evidence. – Cambridge: MIT Press, 1984.
- 3 Портер М. Конкуренция – М.:СПб.; Киев:- Вильямс, 2-е изд. - 2006.-608 с.
- 4 Портер М. Конкурентная стратегия: Методика анализа отраслей конкурентов: Альпина Паблишер, 2015, 5-е издание.- 453с.
- 5 Мырзалиев Б.С. и др. Кластеры как новая форма конкурентных отношений в современной экономике. Монография. - Алматы, 2013.- 272 с.
- 6 Ескараев О.К. Закономерности и тенденции развития кластеров в Республике

Казахстан // Проблемы агрорынга.- 2006.- №1.- С.24.

- 7 Жакашев Б.Р. Диверсификация деятельности предприятий АПК на основе кластерного развития // Проблемы агрорынга.- 2015.-№3.-С.33

Pajdalanylran әдеbietter tizimi

- 1 Қазақстан Respublikasynың Prezidenti N.Ә.Nazarbaevтың Қазақстан halkyna Zholdauy //Egemen Қазақстан 2005 zhyl, 23 ақпан.- №15-16.
- 2 Leamer E.E. Sources of International Comparative Advantage: Theory and Evidence. – Cambridge: MIT Press, 1984.
- 3 Porter M. Konkurencija – M.;SPb.; Kiev:- Vil'jams, 2-e izd. - 2006.-608 s.
- 4 Porter M. Konkurentnaja strategija: Metodika analiza otraslej konkurentov.:Al'pina Pablisher, 2015, 5-e izdanie.-453 s.
- 5 Myrzaliev B.S. i dr. Klasteriy kak novaja forma konkurentnyh otnoshenij v sovremennoj jekonomike. Monografija. - Almaty, 2013.- 272 s.
- 6 Eskaraev O.K. Zakonomernosti i tendencii razvitija klasterov v Respublike Kazahstan //Problemy agrorynka.- 2006.- № 1.- S.24.
- 7 Zhakashev B.R. Diversifikacija dejatel'nosti predpriyatij APK na osnove klasterного razvitija// Problemy agrorynka.- 2015.-№3.-S.33.